

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL

ISSN 2224-5308

Volume 6, Number 324 (2017), 65 – 67

S. R. Ergasheva , B. T. Tastemirova

International Kazakh-Turkish University after K. A. Yassavi, Turkestan, Kazakhstan.

E-mail: Sevara.e@mail.ru, bibka-087@mail.ru

INFLUENCE NASYBAY ON TEETH

Abstract. The article presents the percentage length ratio of the use of Nasibay among school students. Then written about the influence of Nasibay on tissues teeth the oral cavity. The results of the study showed that students use of nasibay common disease of the teeth by caries and periodontitis. Among children of school age do not consume nasibay dental disease was identified less. And the children who use nasibay dental diseases like caries and periodontitis revealed more. There proven adverse effects of Nasibay on the teeth.

Keywords: nasybay, dental caries, periodontitis, mouth, teeth, teenagers.

ӘОЖ 616.314-022.7

С. Р. Ергашева, Б. Т. Тастемирова

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

**АУЫЗ ҚУЫСЫНЫҢ КІЛЕГЕЙ ҚАБАТЫНА
НАСЫБАЙДЫҢ ӘСЕРІ**

Аннотация. Мақалада мектеп оқушыларының арасында насыбай пайдаланушылардың пайыздық көрсеткіштері жоғары екендігі көрсетілген. Насыбайдың ауыз қуысы тістеріне тигізетін зиянды әсері туралы жазылған. Зерттеу нәтижелері бойынша насыбай әсерінен тістердің кариес және периодонтит ауыруларымен жиі ауыратындығы келтірілген. Насыбай пайдаланбайтын мектеп жасындағы балаларда тіс аурулары аз кездескен. Насыбайды пайдаланатындарда тіс аурулары көп кездесетіндігі анықталған. Насыбайдың тістерге зиянды әсері дәлелденген.

Түйін сөздер: насыбай, кариес, периодонтит, ауыз қуысы, тістер, жеткіншектер.

Насыбайға құмарлықтың қазіргі уақыттағы ауқымы бүкіләлемдік сипатта, оны тұтынудың ұлттық шекарасы жойылған.

Темекі тарту, арақ құмарлық, нашақорлық және насыбайға әуестілік жасөспірімдердің жүйкесіне зиян келтіруде [1-3]. М. А. Каримовтің мәлімдеуі бойынша насыбай ауыз қуысының қатерлі ісігін туындатады деп айтылады, бірақ оның ауыз қуысы тістеріне әсері келтірілмейді [4]. Біз насыбайдың ауыз қуысы тістеріне әсерін зерттедік, зерттеу материалдары біздің ойымыздың дұрыс бағытта екендігін дәлелдеді.

Зерттеудің мақсаты. Жеткіншектердің ауыз қуысы тістеріне насыбайдың әсерін анықтау.

Зерттеу әдістері мен материалдары. Кентау қаласындағы “Ббраим” жеке шаруашылық серіктестігінің орталығымен бірлестікте 15 мектеп оқушылары (7047 адам) стоматологиялық скрининг зерттеу әдісімен тексеруден өткізілді. Олардың 14 жасқа дейінгілерінің саны 1906 (27%), 14 жастан жоғарылары – 4231 (60%) және 910 оқушы жоғары сынып оқушылары (13%) болды. Барлық тексерілгендердің тістерінің жағдайына медициналық анықтама берілді, ауру тістері бар оқушыларға дәрігерлік көмек көрсетілді және жалпы сауықтыру шаралары ұйымдастырылды. Жұмыстың алдына қойған мақсаты мен міндеттерін орындау үшін сараптама, статистикалық, әлеуметтік, эпидемиологиялық және математикалық модельдеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар. Статистикалық талдау арқылы зерттеуге қамтылған жеткіншектердің насыбайға қатынастары анықталды. Жинақталған материалдардан 3 топ айқындалды: 547 оқушы насыбайды пайдаланбайтындар болып табылды (1-ші топ), 131 жеткіншек (14,4%) насыбайды пайдаланып жүргендерін ашық мойындады (2-ші топ), 232 оқушы насыбай ататындарын жасырғандар санатына жатқызылды (3-ші топ). Басымшылық баланың тістерінде кариес және периодонтит аурулары тіркелді. Олардың 1-ші топтағы үлесі 65,26%, 2-ші топта – 79,38%, 3-ші топта – 81,89%. Тістегі кариес ауруы бойынша 55,60%-да болды (506 оқушыда), периодонтит – 15,93%-да (145 оқушыда). Бұл салыстырмалы көрсеткіштерден балалардың тістері көбінесе кариеспен зақымданатыны айқын көрініп тұр. Бақылауда болған оқушыларды 3 топқа бөліп сараптағанда, бұл ауру, периодонтитпен салыстырғанда, 3,5–4 есе көп тіркелді, құбылыс барлық топта біркелкі жағдайда байқалды. Осы көрсеткіштерден кариес пен периодонтит насыбайды пайдаланатын топтағы балаларда жиі анықталатыны байқалады (1-кесте).

1-кесте – Тістерінде кариес және периодонтит аурулары бар оқушылардың топтық үлестері

Ауру түрлері	I-ші топ насыбай атпайтындар		II-топ насыбай ататындар		III-топ насыбай ататынын жасыратындар		Барлығы	
	абс.сан	%	абс.сан	%	абс.сан	%	абс.сан	%
Кариес	282	51,55	76	58,01	148	63,79	506	55,60
Периодонтит	75	13,71	28	21,37	42	18,10	145	15,93
Барлығы	357	65,26	104	79,38	190	81,89	651	71,53

2-кесте – Насыбайдың тұтынылуына байланысты кариес ауруының үлестік және қарқынды көрсеткіштері

Статистикалық өлшемдер	I-ші топ насыбай атпайтындар		II-топ насыбай ататындар		III-топ насыбай ататынын жасыратындар		Салыстыратын нәтиже
	Абс.сан	%	Абс.сан	%	Абс.сан	%	
Экстенсивтік (үлестік)	282	51,55	76	58,01	148	63,79	1<2<3
Интенсивті қарқынды	Мандибула тістерінде						
	137	25,04	28	21,37	63	27,15	1<2<3
	Максилла тістерінде						
	69	12,61	13	9,92	38	16,37	1<2<3
	Мандибула + Максилла						
	76	13,89	27	20,61	47	20,25	1<2<3

Тістері кариес және периодонтит ауруларына шалдыққан балалар саны 1-ші топта 357; 2-ші топта 104; 3-ші топта 190 болды. Балалардың арасында кариесі барлары 1-ші топта – 282; 2-ші топта – 76; 3-ші топта – 148 болды (2-кесте). Статистикалық талдау арқылы осы мәліметтердің үлестік (экстенсивтік) көрсеткіші, топ сәйкестіктеріне қарай, 51,55%; 58,01%; 63,79% құрады, яғни біз осы көрсеткіштер арқылы насыбайдың зиянды әсеріне көз жеткізіп отырмыз.

Тістері кариес және периодонтит ауруларына шалдыққан балалар саны 1-ші топта 357; 2-ші топта 104; 3-ші топта 190 болды. Балалардың арасында кариесі барлары 1-ші топта – 282; 2-ші топта – 76; 3-ші топта – 148 болды (2-кесте). Статистикалық талдау арқылы осы мәліметтердің үлестік (экстенсивтік) көрсеткіші, топ сәйкестіктеріне қарай, 51,55%; 58,01%; 63,79% құрады, яғни біз осы көрсеткіштер арқылы насыбайдың зиянды әсеріне көз жеткізіп отырмыз.

Кесте мәліметінен көрініп тұрғандай, насыбай атушылардың арасында кариестің қарқынды көрсеткішінің кем болуы, оны жекелеп астыңғы және үстіңгі тіс қатарларында есепке алуға байланысты болуы мүмкін. Дей тұрғанмен, мандибула және максилла сүйектерінде кариесті тістері бар оқушылар насыбайды пайдаланатын топта басымдылық танытты.

Келесі ретте насыбайдың тұтынылуына байланысты кариестің өрбуіне шарттық (стандартты) талдау әдісі қолданылды, өйткені статистикалық жиынтықтар құрылым жағынан бірыңғай емес. Есептеу нәтижелерінің анықтығына көз жеткізу үшін стандарттау тәсілі пайдаланылады. Бұл әдіс бойынша салыстырмалы статистикалық жиынтықтың көрсеткіштерінде байқалған айырмашылықтың жойылатыны белгілі.

Бұл үлестік көрсеткіштерді қарқынды көрсеткіштердің (интенсивті) пайыздарымен салыстырғанда 2-ші топтағы балалардың арасында кариестің анықталуы төмен болып шықты (2-кесте).

Шарттық көрсеткіштерге қол жеткізу тікелей есептеу әдісі бойынша орындалды, ол 5 кезеңмен есептелді.

Бірінші кезеңде әр топтың қарқынды көрсеткіштері анықталды (кесте 2, мандибула қатары).

Екінші кезеңде стандартты табу орындалды. Ол үшін үш топтағы тексерілгендердің қосындысы шығарылды: $137 + 28 + 63 = 228$.

Үшінші кезеңде бірінші кезеңде есептелген көрсеткіштер негізінде екінші кезеңде табылған стандартқа сәйкес аурулардың (кариестің) “болжау” саны шығарылды. Олар 1-топта 100 адамнан 48 ауру табылды десек.

Бесінші кезеңде кариеспен аурудың әрбір топтағы деңгейі салыстырылды.

Қорытынды. Тістердің кариеспен зақымдануына насыбайдың әсерін үлестік (экстенсивті) көрсеткіштермен дәлелдеу жеткіліксіз. Шын мәнінде қарқынды (интенсивті) көрсеткіш пен стандартталған нәтиже құбылыстың дәлдігін көрсетуге бағытталған әдіс болатыны белгілі болып шықты.

Зерттеу нәтижелерін қысқаша тұжырымдасақ насыбайдың тістерге зиянды әсерін соншалықты көрнекі деп бағалау қиын, себебі кариес пен периодонтит ауруларының пайда болуы көптеген дәлелдермен түсіндірілуі мүмкін. Дей тұрғанмен, периодонтит ауруының өрбуіне насыбайдың әсері біршама үлес қосатынға ұқсайды, өйткені бұл аурудың пайыздық экстенсивті үлесі және қарқындылық көрсеткіші насыбай ататын балалардың тобында басымдылық көрсетті.

ӘДЕБИЕТ

[1] Коваленко А.Е., Белов А.В. Насвай и его влияние на организм // Успехи в химии и химической технологии. – 2010. – Т. 24, № 5. – С. 110.

[2] Прохоренко А.П. Признаки употребления психоактивных веществ несовершеннолетними. Профилактика и ранняя диагностика потребления психоактивных веществ. – 2014.

[3] Кузенный А. Коварный кайф насвая, или первый шаг к наркомании // Казахстанская правда. 27.03.2011. – № 63.

[4] Каримов М.А., Садыков Ш.Б. О роли среднеазиатских и Казахских “насов” и их компонентов в развитии предраковых изменений запечных мешков у сирийских хомячков // Эпидемиология злокачественных опухолей: Труды 2-ой всесоюзной конф. по эпидемиологии злокачественных новообразований. – Алматы, 2006. – С. 119-122.

REFERENCES

[1] Kovalenko A.E., Belov A.V. Nasvaj i ego vlijanie na organizm // Uspehi v himii i himicheskoj tehnologii. 2010. Vol. 24, N 5. P. 110.

[2] Prohorenko A.P. Priznaki upotreblenija psihoaktivnyh veshhestv nesovershennoletnimi. Profilaktika i rannaja diagnostika potreblenija psihoaktivnyh veshhestv. 2014.

[3] Kuzennyj A. Kovarnyj kajf nasvaja, ili pervyj shag k narkomanii // Kazahstanskaja pravda. 27.03.2011. N 63.

[4] Karimov M.A., Sadykov Sh.B. O roli sredneaziatskih i Kazahstanskih “nasov” i ih komponentov v razvitii predrakovyh izmenenij zashechnyh meshkov u sirijskih homjachkov // Jepidemiologija zlokachestvennyh opuholej: Trudy 2-oj vsesozuznoj konf. Po jepidemiologii zlakachestvennyh novoobrazovanij. Almyt, 2006. P. 119-122.

С. Р. Ергашева, Б. Т. Тастемирова

Международный Казахско-Турецкий университет им. Х. А. Ясави, Туркестан, Казахстан

ВЛИЯНИЕ НАСЫБАЯ НА ЗУБЫ

Аннотация. В статье приводится процентное соотношение употребления насыбая среди учащихся школ. Написано о пагубном влиянии насыбая на ткани зубов полости рта. Результаты исследования показали, что у учащихся, употребляющих насыбай часто встречается заболевание зубов кариесом и периодонтитом. У детей школьного возраста, не употребляющих насыбай, болезни зубов было выявлено меньше. А у детей употребляющие насыбай стоматологические заболевания, как кариес и периодонтит было выявлено больше. Доказано неблагоприятное воздействие насыбая на зубы.

Ключевые слова: насыбай, кариес, периодонтит, полость рта, зубы, подростки.

Автор туралы мәліметтер:

Ергашева Севара Рустамовна – Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің, Медицина факультеті, Адам морфологиясы және физиологиясы кафедрасының оқытушысы, электронды поштасы: Sevara.e@mail.ru,

Тастемирова Бибигуль Турсынбековна – Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің, Медицина факультеті, Адам морфологиясы және физиологиясы кафедрасының оқытушысы, электронды поштасы: bibka-087@mail.ru